


Чемпион сапқа тұрды
3-бет



«Жүрегім – жалын,
от – демім...»
5-бет



Көрме көркі –
кескіндеме
8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz


www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 20 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №8 (23 330)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Балаға қамқор орталық

Қарағанды өңірінде мүгедектігі бар 5 мыңнан астам бала тіркелген. Мүмкіндікті шектейтін себептер қатарында жүйке жүйесінің аурулары мен туа біткен ақаулар жиі кездеседі. Дерттің бұл түрлері үшін оны неғұрлым ерте анықталғаны, ем мен кешенді оңалту шаралары аса маңызды. Бұл ретте тұрақты түрде оңалтумен айналысатын «Қамқорлық» оңалту орталығының ашылуы ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға үлкен сеп болды. Ашылған бірнеше ай ішінде 400-ге жуық бала ем алып шықты. Оның ішінде, мамандар 52 баланың жүре, 29 баланың сөйлей бастағанын айтады.



Реформа – өміршең өзгерістер

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



➤ 2-бет

• ӘЛЕУМЕТ

Қолдау үзілмейді

Быттыр республика көлемінде 114,1 мың отбасындағы 598,4 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Осы мақсатқа бюджеттен 57,4 млрд. теңге жұмсалды. Оның ішінде, облыс бойынша 2 088 аз қамтылған отбасы немесе 9 640 адам атаулы әлеуметтік көмек алды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай көмектің негізгі мақсаты – ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару. Оның негізінде табыс өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан аспайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындалады. Ол отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5 175 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беріледі. Быттыр

мектеп жасына дейінгі 186,8 мың балаға 7,2 млрд. теңге сомасына қосымша төлем тағайындалды. Сонымен қатар, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді көздейді.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар аталған көмекті тағайындау туралы өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне, сондай-ақ, электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы бере алады.

Биыл ел көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 75,9 млрд. теңге қарастырылған.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үш оқушы үздік үштікте

Алматыда өткен XX Халықаралық О.Жәутіков олимпиадасынан қарағандылық үш оқушы үшінші орын әкелді. Әлемнің 16 елінен 700-ге жуық оқушы бақ сынасқан білім додасында жеңімпаз атанды.

№1 Білім-инновация лицейінің 10 сынып оқушылары Әліби Ақберді мен Жанарыс Теңдіков және Н.Нұрмаков атындағы мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 10 сынып оқушысы Әлішер Қазтаев үшінші орын алып, облыс намысын қорғады.

– Жанарыс Теңдіков 7 сыныптан бастап, математикалық сайыстарға қатысып келеді. Өткен жылы ол республикалық олимпиадада бірінші орынды иеленді. Биылғы жылы геометрия бойынша халықаралық олимпиадада 10th

Iranian Geometry Olympiad үшінші орын алды. Жанарыс Қазақстан құрамасының резервінде, – деді №1 Білім-инновация лицейінің математика пәнінің мұғалімі Серікжан Қалданов.

О.Жәутіков халықаралық олимпиадасы 2005 жылдан тұрақты өтіп келеді. Халықаралық қазылар алқасы жеті елдің – Қазақстан, Ресей, Армения, Беларусь, Оңтүстік Корея, Қытай және АҚШ өкілдерінен тұрды.

Өз тілшімізден

• ЭНЕРГЕТИКА

Тұрмыс тұралап қалмауы тиіс

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің тұтқасы – жылу, су, газ екені мәлім. Осы орайда Қарағанды облысында 2023 жылы жылумен жабдықтауды жаңғыртуда 16 жоба іске асырылған екен. 2024 жылға жоспарланған 14 жоба бар. Мұның бәрі жүзеге асқанда бұқараның түйткілді біраз мәселесі шешімін табары сөзсіз. Тарқаталық...

жалғасады. Барлығы 55 шақырым су құбырын салу және қайта жаңарту көзделді.

Облыста 200-ден аз адам тұратын 93

ауыл бар екен. Алайда, олар да сапалы ауыз сусыз қалмайды. Шағын ауылдар үшін модульдік қондырғылар қарастырылған. 2023 жылы Нұра ауданының

Нығман және Айтүбек ауылынан бастау алды. Енді 2024 жылы 36 КБМ орнату межеленіп отыр. Қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік жоғары – 98,8%. 2024 жылы бұрын басталған бірқатар жобалар жалғасады. Желілерді қайта құру Балқаш, Саран, Шахтинск және Қарқаралы қалаларында аяқталуы тиіс.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыста қалтырамас үшін

Аймақта жылу жүйесін жаңғырту, жаңадан салу осы күні тоқтаусыз. Көне жүйелер жөндеу көріп жатыр. Одан бөлек, жаңа желілердің құрылысы қолға алынған. Бұған быттыр іске асқан 16 жоба дәлел. Мәселен, өткен жылы Қарағандыда – 5, Теміртауда – 6, Балқашта – 3, Саранда – 2, барлығы 21,5 шақырым жылу желілері қайта жаңартылған. Бұл – быттырғы жылдың межесі.

Биыл бірқатар қалаларда бұл іс өзінің жалғасын табады. Дәлірек айтқанда, 2024 жылға Қарағанды, Теміртау, Балқаш және Саран қалаларында 14 жобаға қаражат бөлінген. Соның нәтижесінде 20,2 шақырым жылу желілері салынып, реконструкцияланады.

Әр үйге ауыз су

Облыста сапалы ауыз су мәселесі алдағы уақытта түбегейлі шешіледі. 2023 жылдың қорытындысына сай облыстың ауыл тұрғындары үшін сапалы сумен жабдықтаудың қолжетімділігі 93,6%-ға жетті. Бүгінде орталық сумен 228 ауыл қамтамасыз етілсе, Бұқар жырау, Ақтоғай, Шет және Нұра аудандарының 13 ауылында су құбыры желілерінің құрылысы жүріп жатыр. Тағы 8 ауыл үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткен.

2024 жылы ауыл тұрғындарын сумен жабдықтауда 29 жоба іске асады. Жұмыс алты ауданда – Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шетте



Газдандыру қалай жүріп жатыр?

Аймақты газбен қамтуда да ірілік жоқ. Ол мақсатта тұрғындар үшін жеңілдіктер де қарастырылған. Бүгінгі таңда көгілдір отынға Қарағанды мен Теміртаудың 3000-ға жуық үйі қосылса, газ тарту желілері жүргізілгендердің саны 8000-нан асады. Қарағанды мен Теміртау тұрғындары үшін газға бөліп төлеу жүйесі іске қосылып, жұртшылыққа біршама көмек болғанын атаған абзал. Бұл мақсатта ТКШ жаңғырту орталығы арқылы 5 жылға пайызсыз несие берілді. Биылғы 2024 жылы газ тарту желілері Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларындағы 2000-нан астам үйге жеткізіледі. Шет және Бұқар жырау аудандарын газдандыру жөніндегі сараптаманың оң қорытындысы шығуы тиіс.

Жедел саты, шатыр мен қасбеттер жөнделеді

Өңірде көпқабатты үйлердегі лифтілер жаңартылуда. Бағдарлама пәтер иелеріне жеңілдікті несие беретін ТКШ жаңғырту орталығының қатысуымен жүзеге асырылады.

2023 жылы Қарағанды, Теміртау, Шахтинск және Балқаш қалаларында 42 лифт қалпына келтірілді. 2024 жылға жоспарда – 50 лифт бар.

Өткен жылы Балқаш, Қарағанды, Абай және Сарандағы 35 көпқабатты үйдің шатыры мен қасбеттері жөнделсе, 2024 жылы Балқаш, Приозерск және Абай ауданындағы 57 үй жөндеу көреді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 491.65

• USD/KZT 451.80

• RUB/KZT 5.10

• CNY/KZT 62.82

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 қаңтар, 2024 жылғы дерегі бойынша

Құбылыс

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Мирас Асан өлеңге елден ерекше дайындықпен келген. Мектепте жүрген кезінде-ақ қазақ жырларының тылсым құпиясы мен өлең жазудың техникасын әбден меңгеріп, мерейленіп келгені көзге ұрып көрінгені туралы еді. Қазақ жырларына толқын-толқын боп келіп жатқан жас ақын көп. Бірақ, Алашты арнап жасаң сөз, соны лебіз айтатын жаңа ақын саусақпен санарлықтай еді. Біздің

Сейіл серенадасы

Оның дауысында жататын дала ән салып,
Жанның көктемін қарсы алып.
Оның гитарасына
Күннің күлкесі шағылатын,
Айдың сәулесі төгілетін,
Сейіл серенадасы – сол шабыт.

Оның әнінде боздайтын көздер боталап,
Орнайтын мейір, махаббат.
Ол – жылтырақ киім кимейтін,
Сахнасы – жүрек,
Тыңдарманы – халық,
Гонорары – шапан мен шапалақ.

Оның жанында титтей арамдық болсашы,
Пайдаланды екен қаумалағанның
қанша?!
Оның жүрегі –
Жаңарқаның жазығы,
Ақтоғайдың Тоқырауыны,
Шеттің Бұғылысы,
Қарқаралының аршасы.

Оның көңілі даладай-тұғын, даладай,
«Сіз» дейтін бәрін бала ма, қарт па,
қарамай.
Кештерге кіріп келетін топты қақ жарып,
Ұстазы – аңыз Қорабай!

Оның әзілі – әзіл біткеннен бөлек-тін,
Көңілге орта көмек-тін.
1-ші сәуір – Сейілге алданатынбыз,
Сейілге алдану – жадырауымызға
себеп-тін.

Алты шегінен гитарасының ән тарап,
Кететін нұрға малшыны маңай,
шартарап.
Бата беретін кейуаналар «Айнам!» деп,
Суретке түсіп, қыз-келіншектер анталап.

Дүниені түгел «Айналым» дейтін алқалап,
«Көкетай» дейтін қалкалап.
Тойымызға кіріп келмейді енді ол,
ей, достар,
Қымбат жеңгені жетектеп,
Қымбат гитарасын аркалап...

«Сейіл кетті...» деу ауыр сөз қандай,
сұр хабар,

Жоқтауда ұлын
Адырлар,
Белдер,
Қыркалар.
Жанымда жан жоқ көңілдің серпер
түндігін,
көзімнің жасын сүрте алар...

Қош сау бол аға,
Қош сау бол –
көңіл адамы,
Өмірдің пенде – қонағы.
Сейіл өлмейді, сезім өлмейді, мәңгілік
«Бала махаббат»
«Жіберілген хат»
«Қоштасу»
«Таң самалы».

Өзіңсіз қымбат лағыл да – нұрсыз,
Ол солай, бірақ, десе де...
Өте берейін жаныңнан үнсіз,
Бейтаныс жандай көшеде.

Қиыспас жолды өрлей өтейін,
Сен – бақыт құсап, мен – кайғы.
Көрсем де сені көрмей өтейін,
Білсең де білме, мен жайлы!

Келген жолыммен қайтқанда аңғардым,
Осыны сен де өт ұғып.
Бізді таныс деп айтқан жандардың,
Сөздері түгел өтірік.

Күйкі өмір күліп, таңды көзімді,
Ұмыт деп бәрін бұлардың...
«Танысын» дейді тағдыр өзінді,
Көрсем танитын шығармын.

Желкені құсап жеке меменің,
Бейтаныс, бөлек пішінде,
Алдыңнан үнсіз өте беремін,
Мындаған жанның ішінде.

Өтемің бүлтпен қосыла аласып,
Айналып жауар сіркіреп.
Өтерсің сен де асыға басып,
Қолшатырыңды сілкілеп.

Тұманнан қою айықпас таңда әр,
Адасқан екі із көрем.
Біз деген мүлде жолықпас жандар,
Кезікпес жолдар біз деген.

Қыс. Экспромт

Қараша-жеңгемнің күзеуде жылымай
жұрты қап,
Кәрі әжем орнынан тұрғандай
сүйегі сырқырап,
Әжемнің тымағы шөйнектің буындай
бұрқырап,
Арқаға қыс келді –

Мирас соның бірі хәм бірегейі десе болады.
Болмыс-бітімі ешкімге ұқсамайды,
өз әуені, өз әлемі бар талант.

Сонау жырғаулар поэзиясы мен қазақтың қара өлеңін биік белеске шығарған Абай, Мағжан, Қасым өлеңдеріндегі небір озық үлгі осы ақынның жырларынан менмұндалап тұр. Осындағы «жаңашыл» модерни сымақтар құсап, қара өлеңнің небір газырлардың сынынан өткен табиғи болмысын өрескел бұзып, Батысқа көзсіз еліктеу оған мүлде жат. Қара өлеңнің көл-көсір потенциалын Мағжан, Қасым, Мұқағали-

лардың өздері де сарқып, тауыса алмай кеткенін ол ішінен жақсы біледі!

Бүгінгі шәйірлердің көпшілігі өлеңді күнделікті әдет, машықпен жазса, бұл жүрегінің әмірімен ғана қолына қалам алады. Тәңірінен хабар-ошар болмаса, қолына қалам ұстап, тақпақшылап кетпейді! Қашан, қай заманда болса да, өлең – халықтікі, тақпақ – тобырдікі болған. Осыны терең аңғарған ақын ғана ұлттық руханиятқа қомақты үлес қоса алады. Ақынның елден ерек ең мықты қасиеті де – осында. Бүгінгі поэзияның қасиеті де осында жатыр.

Мирас АСАН,

ақын, Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты

«Жүрегім – жалын, от – демім...»



Шананың табаны,
Баланың танауы жылтырап!

Күн басын қысқартып, түн соңын
ұзартып,
Арқаға қыс келді – шайпаудай ыза артып,
Қамшыгер жігіттің дырауы сияқты
ысқырып,
Қаракөз арудың ақ бетін алмайдай
қызартып,

Арқаға қыс келді, дүние ғажайып
түске еніп,
Ала қар аспаннан құлайды құс болып.
Қыраулы әйнектен бір сәуле жапты етіп,
Жастығым жатқандай тап-таза түс көріп.

Арқаға қыс келді.
Жып-жылы жымнып,
Сұп-суық тістеніп...

«ҚарЛағтағы» балалар

Үй суретін көрсетті,
«Барак!» деді балалар.
Қатқан нанды көрсетті,
«Тамақ!» деді балалар.

Темір торды көрсетті,
«Шарбақ!» деді балалар.
Қара суды көрсетті,
«Шәрбат!» деді балалар.

Қызыл туды көрсетті,
«Құдай!» деді балалар.
Қанден итті көрсетті,
«Құмай!» деді балалар.

«Ұлы Сталин кім?» деді,
«Ағзам!» деді балалар.
«Халық жауы кім?» деді,
«Мағжан!» деді балалар...

Менің екі күнім бар,
Солардан асқақтықтың сертін көрем,
Солар деп қактым қанат еркіндеген!
Бір Күнiм – көкжиекте жарқыраған,
Бір Күнiм – көк Туымда желкілдеген!

Менің екі дінім бар,
Сол екеуі – сәулем болған түнегімде,
Екеуі тілегім де, тірегім де!
Біреуі – жалғыз Отан, Қазақстан,
Біреуі – жалғыз Құдай, жүрегімде.

Менің екі тілім бар,
Өткерген тағдырдың сан қар-ызғарын,
Екеуі – мендегі алау, нағыз жалын.
Біреуі – жүрек тілім, махаббатым,
Біреуі – ана тілім, ар-ұжданым.

Бар менің қос байлығым, ең ғажабым,
Солармен өмір сұлу, оңдi ажарым!

Біреуі, аңсап жеткен – ол Азаттық,
Біреуі, аңғал сәби – сен Қазағым!

Жалғастайға

Ойна балам, ойна балам,
Өседі ойын, ойдан адам.
Шапқылай бер құлыншағым,
Ширатады тайды аламан.

Ұшқыр допты дұрыс қарма,
Сайла қолды ұрыстарға.
Мықты болсын екі білек,
Ертең тізгін нық ұстарға.

Әр ойынды балам ойға ал,
Қақпаға доп сала ғой дәл.
Шалт қимылда, шыңда аяқты,
Шалады ертең шалағайлар...

Ер жетіп өс жұрт қамы үшін,
Мықты болсын сыртттан, ішін.
Жыртылады киім деген,
Жыртқан кезде ұлт намысын.

Азамат бол күткен өлкең,
Дауылдарға тікте желкен.
Арқалайын, кел бүгінше,
Сен арқалар жүк көп ертең.

Өнерлі бол дарынды әрі,
Жігіт көркі соның бәрі.
Шаша бер, үй, ойыншықты,
Шимайлай бер қабырғаны.

Болсын биік санаң, өрен,
Шектеме ойды бағаменен.
Бала еркін болу керек,
Боқтау керек бала деген.

Сырғанаттым, еңбектеттім,
Біраз күшті терлеп төктің.
Айтқандарды шығарма естен,
Сен – шәкіртсің, мен – мектепшің.

Құшағында ойлардың қалың ішік,
Отырамын оранып жаным үсіп...
Бір-бірінде адамдар сүреді өмір,
Сатып,
Сүйіп,
Жек көріп,
Сағынысып.

Бір-бірінде өледі солай тағы,
Бір-біріне бітпейді кек, айтағы.
Біреулері – шашыңды ағартады,
Біреулері – жаныңды қарайтады.

Бір-бірінен адамдар тояттайды,
Бірін-бірі іздейді, таяқтайды.
Біреу маған мысалы, жолға шығып,
Біреу менде сапарын аяқтайды.

Пыш-пыш өсек,
Мыс-мыс пұл ақшаларда,
Бір-бірінде күн кешер патшалар да.
Бір-бірінде мәңгілік сүреді өмір,
Ақылман да,
Ақын да,
Атшабар да.

Құмсағаттай төңкерген құтыдағы,
Бір-біріне адамдар жұтылады.
Бір-біріне адамдар үйренеді,
Бір-біріне адамдар тұтылады.

Дүниеге тұрлаусыз шараң бар ма,
Шамаң бар ма қарарға, алаңдарға...

Көздерімде қуаныш лағылы ойнап,
Қадамыңа қараймын бәрін ойлап...
Тарыдай боп мектепке кірген саған,
Таудай талап тіледім, тарыдай бақ.

«Оян, қазақ!». Премьера.

Жылап тұр бала,
Қасіреттерге тік қарап,
Көзінен ыстық шық борап.
Керек жоқ оған
өтірік ұран,
кызыл сөз,
Жаттатқан тақпақ тықпалап.

Жылап тұр үнсіз,
Тарихты қанды парактап,
Көзінің жасын сораптап.
Керек жоқ оған бітпейтін науқан,
сөлжесбай,
Соғылған қолдар сағаттап.

Жылап тұр үнсіз,
Сүртеді жасын жеңімен,
Шашырап ұшқын өңінен,
«Ұлтқа қызмет – білімнен емес,
мінезден»,
Келісем бала, сенімен.

Егілді ұлттың атынан жалғыз жас бала,
Көз жасы – Еміл, Аспара.
Келеді ағып копарып бөгет жолдарды,
Түнекті жарып тас қара.

Аз болмайды әлі саған да сұмдар
атқан тас,
Рух деген – таулар, тапталмас.
Орып өтеді менің жанымды
қырық жамау,
Сенің көзіңнен аққан жас.

Ей, ғазиз көз жас – тарихқа тырс-тырс
тамасың,
Қолқамды қан боп қабабың.
Іздейді сенің осы көз жасың архивтен,
Шәкәрімдердің мұрасың,
Мағжандардың моласың.

Не деген өткір жас тегі сынбас, жасымас,
Бала көз жасқа ей, ессіз дүние – есік аш.
Ахметтердің ызындап ұшқан «Масасы»,
Міржақыптардың «Оян, қазағы!» осы жас!

Осы жас бізді оятып ақсын әлі де,
Шығар жасыңды, ащы өкісік іштен
тағы үде.
Бұл – көз жасы емес, бұл – Сұлтанмахмұт,
Жүсіпбек,
Мұхтар,
Әміре.

Осы көз жасын оянады ұрпақ от ала,
Ұялма,
Жыла,
Еңіре,
Бозда,
Ботала.
Сенің көз жасың Әлімхан қорғап
қалатын,

Баба қорымы,
Көсіліп жатқан шекара.

«Алаш!» деп жылап тұрған әдемі
түр-тұлған,
Сүйсіндім, ботам, сыртыңнан.
Сенің көз жасың – Қазтуғандардың Еділі,
Қазақтың тілі, қырқылған.

Баланың жасы тоқтамай ұзақ көп ақты,
Жұбатпады ешкім жақындап
барып қаракты.

Осы көз жасы әперген бізге Азаттық,
Балқытып
Балға,
Орақты.

Кішкентай қабақ,
кішкентай қолдар түйіле,
Кішкентай кеуде қосылып ішкі күйіме.
Барады қайтып Сарайшықпенен
жалғасқан,
Мұхамедханұлы көшіндегі үйіне!

Ойлаймын кейде сол жанды,
Түсірем еске дидарын.
«Жанымда жаным бол мәңгі»,
Дегенін...
Жаңбыр құйғанын.

Өпкенін ыстық жалын дем,
Кеткенін жолдар бөлініп.
«Сүйемін сені жаныммен»,
Дегенін...
Жасы төгіліп.

Қастарын сұлу кергенін,
Кептерге пісте шашқанын,
Балмұздақ алып бергенім,
Жаңбырға қолын тосқанын,

Суретке түсір дегенін,
Еркелей тұра қалғанын.
Оқыған сонда өлеңім,
Ернінен сүйіп алғаным...

Неге ерте біздер қош дедік,
Не деген шұғыл ұйғарым?
«Бұл сурет саған естелік»,
Дегенін...
Жаңбыр құйғанын.

Түсірем еске, кеш мүлде,
Еске алам тек гүл дидарын.
«Қимаймын сені ешкімге»,
Дегенін...
Бірақ қиғанын.
Жаңбыр құйғанын...



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Құрылыс саласының қарқыны басым

Әрбір қала және оның көздің жауын алар әсем ғимараттары, кескінді көшелері өз алдына баяндауға тұрарлық тарих. Ал, тағылым арқалар жылнама беттерінде облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының өзіндік орны бар. Олай болса, оқырман назарына аталған құзырлы мекеменің жыл бойы атқарған істері нақында сөз еткенді құп көрдік.

Ережеге сәйкес құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы – әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі. Басқарманың негізгі функцияларына өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс, сәулет және қала құрылысы қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру да жатады. Бұдан бөлек құзыретті мекеме 2 әлеуметтік-экономикалық индикаторға жауапты. Бұл – құрылыс жұмыстарының көлемі және тұрғын үйді пайдалануға беру.

2023 жылдың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі 2022 жылғы деңгейге қарағанда – 138,6%. Ал, ақшалай көрсеткіш 515,1 млрд. теңгені құрады.

Тұрғын үй саласы тұраламайды

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 422,666 мың шаршы метр немесе жылдық жоспарға 105,7% енгізілді. Облыста 547 бюджеттік пәтер пайдалануға беріліп, 347 пәтер жалға берілетін тұрғын үй сатып алынды. Қарағанды облысында халықтың осал топтағы тұрғындары үшін үй кезегінде тұрғандарға барлығы 894 пәтер салынды және сатып алынды.

Өңірлер бөлінісінде мынадай жағдай қалыптасты. Өткен жылы Қарағанды қаласындағы Белинский көшесіндегі ұзаққа созылған үйдің құрылысы сәтмен аяқталды. Балқаш қаласында 45 пәтерлік үй салынып, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 84 пәтер сатып алынды. Приозерск қаласы бойынша 45 пәтер қолданысқа беріліп, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қосымша 60 пәтер сатып алынды.

Тұрғын үйдің белсенді құрылысы өзге шаһарлар аумағында да жүргізілуде. Мәселен, Саран қаласында 115 пәтер пайдалануға берілді. Теміртау қаласында жеке құрылыс салушы компания жаңа тұрғын үй салды. Оны әкімдік сатып алып, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 65 пәтер берді. Шахтинск қаласы бойынша 72 пәтер сатып пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы облыстың ауыл тұрғындарын да жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етуге соны мүмкіндік берді. Мәселен, аудандарда 2023 жылы облысымыздың барлық 7 ауданында 350-ге жуық пәтер салынып, сатып алынды.

Ендігі меже

Бұл жылы облыста 450 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланды. 2024 жылға арналған құрылыс



жұмыстарының нақты көлемінің болжамды индексі 2023 жылғы деңгейге қарағанда 104,7%-ды құрайды. Бюджеттен 3 бағыт бойынша 8,3 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген. Жалға берілетін, кредиттік тұрғын үй салу және тұрғын үй сатып алу есебінен барлығы 1,0 мыңға жуық кезекте тұрғандарды қамтамасыз ету жоспарлануда. Тұрғын үй құрылысы және сатып алу өткен жылдағыдай облыстың барлық өңірлерінде іске асырылатын болады.

Әлеуметтік маңызы бар объектілерді салуға келсек, 2023 жылдың қорытындысы бойынша басқарма 17 нысанды пайдалануға берді. Олардың ішінде, Қарағанды қаласындағы 200 төсектік облыстық балалар ауруханасы. Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров, Шет және Қарқаралы аудандарындағы «Ауыл – ел бесігі» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламалары бойынша 9 фельдшерлік-акушерлік пункт. Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарындағы 2 ветеринариялық пункт. «Саран» индустриялық аймағына инженерлік желілердің 7 объектсі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына сапары барысында облыс әкімдігіне «Саран» индустриялық аймағын инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді тапсырды. Өздеріңіз білетіндей, бұрынғы резеңке-техникалық бұйымдар зауытының аумағында «Yutong» автобустарын құрастыру зауыты іске қосылды. Ағымдағы жылы пиналар шығаратын кәсіпорын жұмыс істей бастайды «KamaTires.KZ», «Артель» тұрмыстық техника зауытының құрылысы жүзеге асырылуда. Келешекте «Технониколь» ЖШС жылу оқшаулағыш материалдарын өндіру, HOWO жүк автомобильдерін өндіру, тікелей тегіс құбырларын өндіру және басқа да өндірістер жоспарлануда.

Жаңа жылға жоспар

2024 жылы салалық басқарма «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруды жалғастырады. Ағымдағы жылдың I ақпанына дейін 2023 жылдың қалған 11 ФАП-тарын енгізу жоспарлануда. Ал, ақпан айында бұрынғы балалар ауруханасының корпусын медициналық жатақханаға қайта жаңартуды аяқтаймыз. Қызметтік тұрғын үймен 94 жас маман қамтамасыз етіледі. Теміртау қаласының орталық ауруханасы үшін бас ғимаратқа қосымша бөлік салу жоспарлануда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жалғастыру шеңберінде жыл соңына дейін 27 ауылдық денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарланған.

Білім беру бағыты бойынша ағымдағы жылы Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында, Қарқаралы ауданы Талды ауылында авариялық мектептердің орнына салынып жатқан 2 мектеп пайдалануға

беріледі, сондай-ақ Қарағанды қаласы Күнгей ауданында 600 орындық жаңа мектепті іске қосу жоспарлануда. Мектептерді жаңғырту мақсатында 3 қосымша ғимаратты (Қарағанды қаласы, Бұқар жырау ауданы Гагаринское ауылы, Шет ауданы Ақадыр кенті), 1 спортзалды (Нұра ауданы Шұбарқол елді мекені) пайдалануға беру және 1-ші мектепті (Осакаров ауданы. Ақбұлақ ауылы) реконструкциялауды аяқтау межеленді. Мектептегі білім беру нысандарынан басқа биыл Пришахтинск елдімекенінде шығармашылықты дамыту орталығының құрылысы аяқталады.

2022 жылғы 30 қарашадан бастап, Үкіметтің қаулысымен «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасы бекітілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылуда.

2023-2025 жылдары «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша облыста 12 500 оқушыға арналған 18 мектеп салынады. Операторы – «Самұрық-Қазына Construction» АҚ.

Биыл «Саран» индустриялық аймағына желілерді тартуды аяқтауды жоспарлап отырмыз. Жалпы, облыстың 10 өңірінде 95 нысан іске қосылады деп күтілуде, оның ішінде, 40 денсаулық сақтау нысаны, 27 ауылдық медициналық ұйымдарға инженерлік желі тарту, 9 білім беру нысаны, 1 ветеринария нысаны, 5 «Саран» инженерлік желі нысаны, 1 спорт нысаны. Жобалау жұмыстарына келетін болсақ, биыл басқарма әртүрлі салалар бойынша 10 ауданда 124 жоба әзірлеуде.

Құрметті оқырман! Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының өкілдері әрқандай ғимараттың әрбір кірпіші қабырғасының бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі сәулеттің сәулелі боларына кәміл сенім артады. Облыстың кескін-келбетінің дұрыс әрі айшықты қалыптасуы болашағымызды баянды етпек.

Мұрат МАҒЗИН,
облыстық құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
басқармасының басшысы

• ПІКІР

Ұлттың ұлылығы еңбекте

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Қасиетті қантар» оқиғасынан кейінгі жылдар мен оның ішінде, ел экономикасының дамуына тың серпінді берген тарих қойнауына өткен 2023 жылы атқарылған негізгі іс-шараларға тоқтай келе, қоғамда орын алған кейбір түйткілді мәселелерді ашық айтты. Сонымен бірге, халық үлкен сеніммен, үмітпен күтетін 2024 жылы атқарылатын маңызды мәселелерге де тоқтай кетті.

Аудан көлемінде Президенттің «Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдары» Жолдауындағы тапсырмаларды орындау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар баршылық.

Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында ауданда 2023 жылы 72,0 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл саланың басты көрсеткіші алдыңғы жылға қарағанда 22,9 пайызға артты. Негізгі капиталға салған инвестицияның көлемі 2,0 млрд. теңгеге жуық. Ауданның ауыл мен кент округтерінде жаңадан 220 жұмыс орны ашылды. Ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, жылу жүйелерін жүргізу, көшелерді асфальттау мен жарықтандыру, елдімекендердің жолдарын жөндеу т.б. халыққа қажетті жұмыстар жылдан-жылға дұрыс бағытта жүргізіліп келеді. Тұрмысы төмен қоғамның әліс отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері де оң шешімін табууда.

Ал, аудан өнеркәсібінің үлесі жалпы өнімнің 70 пайыз шамасында. Өндірістің өркендеуіне атсалысып жүрген азаматтардың еңбегі ерекше.

Президент сұхбатында «Қоғамда еңбеккерлік пен жасампаздық салтанат құруға тиіс. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек.

Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз» – деп қадап айтты.

Ендіше, келешекте халқымыздың тұрмыс сапасын көтеріп, өркендетті, озық ойлы ел болу үшін «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» еңбек етейік. Ұлттың ұлылығы еңбекте.

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының Құрметті азаматы
ҚР ауыл шаруашылығы
саласының үздігі

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Мамандық – жол көрсетер алау

Мамандық таңдау – жауапкершілігі мол маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі тиіс.

Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мектебімізде кәсіптік бағдар беру мақсатында 9-10 сынып оқушылары арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында презентация сайысы өтті. Оқушылар таңдаған мамандықтары бойынша слайд түрінде таныстырылымын көрсетіп, өз ойларын ортаға салды, пікір алмасты. Сайыс барысында үздік таңдалған оқушылар мектеп әкімшілігі та-



рапынан Алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, жеңімпаз оқушыларға тәтті сыйлықтар табыс етілді.

Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психикалық ерекшеліктерін ескеріп, мамандықты таңдауға дұрыс кәсіби бағдар беру жұмыс-

тары, іс-шаралар келешекте өз жалғасын табады.

Жанар ЖҮРГЕМБАЕВА,
Жанаргүл САЙЛАУБАЕВА,
№18 ЖББМ КММ
педагог-ұйымдастырушылары

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ


Жаңа жабдық жеткізілді

Балқаш көпсалалы ауруханасының техникалық базасы толығы үстінде. Кейінгі жылдары жаңа медициналық құрылғылар алынуда. Жұмыс сапасын арттыру үшін дәрігерлерге барлық жағдайлар жасалған. Жылдың басында емлеу мекемесінде «LigaSure» атты жаңа лапароскопиялық байлау құралы әкелінді. Аталмыш құрал қан кетуді тоқтатуды және диаметрі 7 мм-ге дейінгі тамырларды жабуға мүмкіндік береді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыс теріге әсер еткенде сұйық компонент буланып, коллаген мен эластиннің кептіру және денатурациясы тамырларды сенімді жабатын тығыз біртекті масса пайда болғанға дейін жүреді. Ағзаларды эндохирургиялық жұмылдыру және ірі тамырларды жабу процесінде қан кетуді тоқтатудың әмбебап әдісі бола алады.

– «LigaSure» – қан кетуді тоқтатудың әмбебап әдісі. Ірі тамырларды тез және тиімді plombалау мүмкіндігі хирургқа уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының мамандары.



Айта кетейік, бұған дейін де шағын шаһардың көпсалалы ауруханасы mediola Compact лазерлік хирургиялық құралымен толыққан. Бұл жабдық флебологияда, тамырлы хирургияда, проктологияда, отоларингологияда, гинекологияда, эндоскопиялық және нейрохирургияда қолданылады. Жиынтықтың құны шамамен – 9,4 миллион теңге.

БАЛҚАШ

• ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

«Батамен ер көгереді»

Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен волонтерлар ақпанға жоспарлаған шараларды жүзеге асыруды қолға алды. Жыл басынан жолға қойылған «Ардагерім – ардағым!» жобасы аясында еріктілер көмекке мұқтаж отбасыларға қолғабыс етуде.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жылы Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің студенттері, волонтер жастар жалғызбасты қарт кісінің үйіне барып, ауласының қарын тазалап, көмектесіп қайтты. Жастардың көмегіне дән риза болған қариялар ақ баталарын беріп, қайырымдылық шарасы алдағы уақытта да жалғасын тапса екен деген тілегін білдірді.

– Аға ұрпаққа одан әрі көмек көрсету белсенді жастардың жоспарында бар. Бұл ойымызды жүзеге асыру үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында байла-

ныс телефондарын жариялаймыз. Сөйтіп, әрбір жалғызбасты аға ұрпақ өкілі өзіне қажетті көмек сұрай алады. Жастар қар күреуге арналған жабдықтарын алып, қыс айы біткенше жалғызбасты қарттардың, тыл еңбеккерлерінің және мүгедектігі бар жандардың ауласын қардан тазалап береді. Қайырымдылық жасаған жақсы гой, мұқтаж жандардың күлімдеген жүзі жүрегіне бір жылылық ұялатады, – дейді Ақтоғай ауданының Жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Елеген. **Ақтоғай ауданы**





Шаһар шежіресіне шолу

10 ақпанда Қарағанды шаһарына қала мәртебесі берілгеніне – 90 жыл толады. Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының оқу залында атаулы күнге орай «Қадірлі, қасиетті – Қарағандым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның дәл орталық аумағында, Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан өндірісті қала Қарағандының шежірелі тарихы да газырлық белесіне жақындап келеді. 1934 жылы 10 ақпанда Бүкілодақтық Орталық Аткару Комитеті Алқасының қаулысымен Қарағанды кенті қала мәртебесіне ие болды. Қарағанды – ежелден тоғыз жолдың торабындағы, Қазақстан мен төрт тараптағы елдердің өзара мәдени, экономикалық байланыстарын жүзеге асырушы орталық нүктесі ретінде сан түрлі тарихтың куәсі Арқа төсіндегі киелі өлке.

Аталған көрмеге Қарағанды өңірінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан халық дарындыларының өмірі мен өнері туралы «Сарыарқа сандақтары» кітабын, «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясын, ардагер журналист Аман Жанғожиннің «Қазыналы қараңдырақ», белгілі фотожурналист Валерий Петуховтың «Қарағанды» фото-альбомы және басқа да әдебиеттер қойылды.

Кітапхана оқырмандары бұл көрмені облыс тарихына байланысты көптеген тың деректер һәм тарихи оқиғалар шежіресімен таныса алады.

Сурет ұйымдастырушылардың

• ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Мұрадан ұлағат

Қарағанды қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәкен Жүнісовтің туғанына 90 жыл толуына орай шара ұйымдастырылды. Шарада қабырғалы қаламгердің шоқтығы биік туындысы «Ақан сері» романы талданды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Ақан сері» романының жарық көргеніне – 45 жыл. Шараның мақсаты айқын – Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру, шығарманың негізгі идеясын ашу, шығарманы талдау дағдыларын дамыту, өзінше ой түйге үйрету. Шараға Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, докторант Әділ Жақулаев арнайы қатысты. №27 жалпы білім беретін мектептің оқушылары мен мұғалімдері де қатысты.

Тағылымы мол жиында романға арқау болған Ақан серінің ғұмыры мен шығармашылығы хақында баяндамалар жасалып, слайдтар көрсетілді. «Ақан сері – қазақ халқының жарық жұлдызы һәм мұзғарғышы. Қазақ музыкасын аспапдатқан заңғар тұлға, біртуар перзент» деген ілімді ойлар айтылды.

Әділ Жақулаев әдебиет деген ұғымға анықтама бере отырып, «Ақан сері» романын оқушыларға талдап берді.

– Ақан серінің бойында ақындық пен әншілік, саятшылық секілді қазаққа тән өнердің бәрі жинақталған. Оның өмірі трагедияға толы болған. Ғашығы Ақтоқтыға қолы жетпей, кейін сүйікті тұлпары Құла-

гердің қасқой зұлымдардың қолынан өлтірілуі – Ақан серіге үлкен қайғы, қасірет әкелді. Романда тек Ақан серінің қасіреті емес, сонымен қатар, сол замандағы бүкіл ел басындағы қайғы, қара халыққа көрсеткен озбырлық бен зәбір, ел ішіндегі алауыздық көрсетілген, – деді Әділ Жақулаев.

– Мұндай шаралар ұрпақ тарбиесі үшін аса маңызды. Кітапхана ұжымы осындай тағылымы мен ұлағаты мол



Сурет ұйымдастырушылардың

дай орын алатынын білсе дейміз. Ұлы тұлғалар өз деңгейінде дәріптелуі тиіс. Тарихымен, әдебиетімен, мәдениетімен терең танысамын, оқимын, ізденемін дегендерге есігіміз әрдайым ашық. Біздің негізгі миссиямыз – осы, – деді қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, №1 балаларға қызмет көрсету филиалының меңгерушісі Әсел Тезекбаева.

Көрме көркі – кескіндеме

Бейнелеу өнері мұражайында Sketch academy кескіндеме және скетчинг студиясы оқытушыларының көрмесі ашылды. «Iart» деп аталатын бірінші вернисажда 50-ден астам жұмыс бар.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Sketch academy-ге Дәурен Кошен мен Арман Терлікпаев жетекшілік етеді. Балаларға скетчинг, кескіндеме, иллюстрация жасауды үйретеміз.

– Оқытушылар вернисажында түрлі жанр мен стильдегі картиналар ұсынылған. Пұтқа табынушылық тақырыбы, сюрреалистік пейзаждар, натюрморттар, психологиямен байланысты түрлі композициялар жасалған жұмыстар бар. Қарағанды, Шахтинск және Теміртау қалаларындағы студияларымызда 5 жастан 17 жасқа дейінгі 300-ден астам бала білім алады. Олардың арасында Artsport арқылы тегін оқитындар да бар. Бір аптадан кейін балалар көрмесін өткізу жоспарда бар, 150-ден астам жұмыс қойылады, – дейді Дәурен Кошен.

Көрмеде оқытушылар София Ушакова, Алина Кушкова, Дәурен Кошен, Юлия



Хакимова, Анель Каримсакова шығармалары арқылы әлемге және табиғатқа сүйіспеншілікті көрсетіпті. Суреттерде май, гуашь, акрил техникасын қолданған. Қарағандыдағы студия оқытушысы Алина Кушкованың бүл алғашқы жеке көрмесі.



Суреттер облыс ақпараттық сыйлығы

Ол кәсіби музыкант болғанымен, студияда сабақ береді.

– Көрмеде 15-ке жуық жұмысым бар. Гүлдер, текстуралық пастадан жасалған алтын аққу да бар. Бәрінен бұрын текстуралық пастамен жұмыс істегенді ұнатамын. Жұмыстарымның бірін қаза тап-

қан кеншілерге арнадым. Суретті ұзақ уақыт салдым. Қасқаның түпнұсқасында «АМТ» жауы жыне ескі форматтағы жа-

рықшам бар, – дейді Алина.

Мұражай директоры Бибігүл Құдабаеваның айтуынша, балалардың Sketch academy көрмелері екі жылдан бері жұмыс істейді. Көрмені тамашалағандар арасынан сурет салуға қызығатындар табылуы мүмкін.

• ХОККЕЙ

Жерлестер жетінші орында

«Сарыарқа» хоккей клубы бұл жолы өз алаңында ұпай жоғалтқан жоқ. «Ақтөбе» клубымен өткен тартысты кездесуде 5:1 есебімен жеңіске жетіп, үш ұпай еншіледі.

Алғашқы айналымда қарсылас команда шабуылшысы Стас Петросян есеп ашып, таблодағы есепті өзгертті. Ал, екінші айналымда жерлестер үш шайба салып, суырылып алға шықты. Гол авторлары – Владислав Сайко, Евгений Григоренко, Руслан Демин.

Соңғы кезеңде Егор Кузьменко мен Руслан Демин тағы екі шайба тоғытып, есепті 5:1-ге жеткізді.

Өткен аптада жерлестер «Бейбарыс» клубына есе жіберген еді. «Сарыарқа» клубы 44 ойында, 46 ұпаймен әзірге 7 сатыда тұр.



• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Аула клубтары тегін

Қарағандылық ұл-қыздарда жыл бойы түрлі спортпен және шығармашылықпен тегін айналысуға, жарыстар мен қызықты іс-шараларға қатысуға мүмкіндік бар. Қалада «Шахтер» КМҚК балансындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған 39 аула клубы жұмыс істеп тұр.

Аула клубтарына жұмысы қадамдық қолжетімділік қағидаты бойынша орналастырылған. Бүгінде оларға 4 мыңға жуық адам келеді.

– Сабақтан тыс уақытта бізге келіп, сурет салады және ән айтады, тоғызқұмалақ пен үстел теннисін ойнайды, іс-шараларға және жарысқа шығады. Клуб қызметкерлері – педагогикалық және арнайы білімі бар мамандар, – дейді «Шахтер» КМҚК аула клубтары бөлімінің басшысы Әсел Әшірбек.

Спорт секцияларынан басқа, бірқатар шығармашылық үйірме бар. Жыл сайын «Таланттар тартысы», «Бәйтерек» сияқты клубаралық шығармашылық шаралар өткізіледі. Сондай-ақ, 12 спорт түрінен спартакиада, аула футболы мен баскетбол лигасы, «Мен тұратын аула» фестивалі және баптырауық фестивалі дәстүрге айналды.

Сонымен қатар, қалада инклюзивті бағыттағы екі балалар мен жасөспірімдер клубы бар. «Үміт» клубы көптен бері жұмыс істейді. Оған 75 адам келеді, олардың арасында балалар ғана емес, жастар да бар. Онда үстел ойындары және қол-өнер үйірмелері бар. Аутист балалар үшін «Алау» клубы ашылды. Оған 27 бала жазылып үлгерді. Әдіскер жұмысшылар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударады.

Жақында клубтар аға буын арасында да үлкен сұранысқа ие болды. Олардың кейбіреулері егде жастағы адамдарға арналған денсаулық топтарын ашты. Мұнда олар тек уақытты тиімді өткізіп қана қоймай, жастармен қарым-қатынас жасап, білімдерімен бөліседі.

«Кеменгер» клубында зейнеткерлер балаларды шахмат ойнауға үйретеді. Аға және кіші буын арасында турнирлер өтіп тұрады.

Быттыр «Мир» клубы жөнделген. Сонымен қатар, быттыр «Панель-центр» шағынауданында екі жаңа клуб ашу үшін орын бөлінген.

Балалар мен жасөспірімдер клубтары барлығына ашық. Жұмыс уақыты 10:00-ден 18:00-ге дейін, түскі ас 13:00-ден 14:00-ге дейін, демалыс – жексенбі.

Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. – **Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Оскаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жаяу: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalq.kz@gmail.com; ortalq.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalq.kz.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 8 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**